

## 2012 жылға біржолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 54 сессиясының 2011 жылғы 14 қарашадағы N 426 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 желтоқсанда N 8-15-160 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының хатшысының 2013 жылғы 23 сәуірдегі № 2-43/68 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының хатшысының 23.04.2013 № 2-43/68 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2012 жылға базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған біржолғы талонның құны қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік – экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (И.М. Шакирбеков).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*М. Чолокиди*

*Хатшы*

*К. Саккулаков*

2011 жылғы 14 қарашадағы  
Осакаров аудандық мәслихатының  
54 сессиясының № 426 шешіміне  
қосымша

**2012 жылға базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарларды өткізумен, жұмыстарды орындаумен, қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандарға, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға арналған біржолғы талондардың құны**

Базардың атауы	Мамандандыру	Сауда орнының түрі	Сауда орнының көлемі, шаршы метр	1 шаршы метр алаң үшін айлық есептік көрсеткіштен пайызда алым ставкасы
1	2	3	4	5
Осакаров ауданының базарлары	Азық- түліктік	Ет сату	6,3	5,4
		Азық-түлік	8,19	1,61
	Өнеркәсіптік	Сөреден	13,64	2,4
		Қолдан	1,5	2,4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК